

## Түркістан облысы Түркістан қаласының және Сауран ауданының шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 2/14-VIII бірлескен шешімі және Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 79 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 шілдеде № 6329-13 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 2)-тармақшасына және Түркістан қаласы және Сауран ауданы әкімдіктерінің және мәслихаттарының бірлескен ұсыныстары негізінде, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Түркістан облысы Түркістан қаласының шекарасына Сауран ауданының 4831,86 гектар жерлерін қосу арқылы Түркістан қаласының шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 22370,0 гектар болып белгіленсін.

2. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Түркістан облысы Сауран ауданының шекарасына Түркістан қаласының 4716,29 гектар жерлерін қосу арқылы Сауран ауданының шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 646077,43 гектар болып белгіленсін.

3. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысының және Түркістан облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Түркістан облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысы әкімінің  
міндетін атқарушы  
Түркістан облыстық  
мәслихатының төрағасы*

*Е. Кенжеханұлы*

*Н. Абишов*

Түркістан облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 2 мамырдағы № 79 мен  
Түркістан облыстық мәслихатының  
2023 жылғы 28 сәуірдегі № 2/14-VIII  
бірлескен қаулы және шешімнің  
қосымшасы

**Түркістан облысы Түркістан қаласының және Сауран ауданының шекарасына қосылатын жерлер бөлігінің экспликациясы**

№ р/н	Ауданның атауы	жерлердің жалпы көлемі, (гектар)	оның ішінде:						
			ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері, (гектар)	елді мекендер жерлері (гектар)	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждығына және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер (гектар)	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (гектар)	орман қорының жері (гектар)	су қорының жері (гектар)	босалқы жерлер (гектар)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Сауран ауданының Түркістан қаласының шекарасына (шегіне) берілетін жалпы жер көлемі	4831,86	4831,86	-	-	-	-	-	-
2	Түркістан қаласына Сауран ауданының шекарасына (шегіне) берілетін	4716,29	2598,0	2088,29	20	-	-	-	-

жалпы ж е р көлемі							10	
--------------------------	--	--	--	--	--	--	----	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК